

5 – СЕН НЕГЕ СОНША АШУЛЫСЫҢ? (ТЫ ПОЧЕМУ ТАКОЙ ЗЛОЙ?)

– ӨЙТКЕНІ МАҒАН ҮЙДЕН КЕТУГЕ ТУРА КЕЛДІ. (ПОТОМУ ЧТО МНЕ ПРИШЛОСЬ УЙТИ ИЗ ДОМА.)

- **сен** – ты; **неге** – почему; **сонша** – настолько;
- **ашу** – злоба; **ашулы** – злой; **ашулысың** – ты злой; **өйткені** – потому что;
- **маған** – мне; **үй** – дом; **үйден** – из дома; **кету** – уходить; **кетуге** – чтобы уйти (*барыс с.*)
- **тура** – прямо, справедливо, обстоятельство; **келді** – пришло; **тура келді** – пришлось.

Өмірден мысалдар – Сен неге сонша ашулысың?

1)		бүгін көп ақша жұмсауға сегодня много денег потратить	
2)		жұмыстан шығуға с работы уволиться	
3)	Өйткені маған Потому что мне	менің сөзім үшін кешірім сұрауға за мои слова извиняться	тура келді. пришлось.
4)		әйелімді алдауға жену обманывать	
5)		Астанаға көшуге в Астану переехать	

Жаттығу 5.1

Найдите соответствия

.... 1) Жеке мәселелеріне орай,	A бастауға тура келді.
.... 2) Бәрін басынан	B соң, шығуыма тура келді.
.B... 3) Жалақысы аз болған	C қалып, бізге жаяу жүруге тура келді.
.... 4) Эскалатор істен шығып, жолаушыларға	D аударып, қайталауларына тура келді.
.... 5) Жол үстінде көлік бұзылып	E Канададан елге қайтуға тура келді.
.... 6) Жетім бауырларын асырау үшін оған	F мектептерде сабақты тоқтатуға тура келді.
.... 7) Павлодарда аяз салдарынан	G баспалдақты пайдалануға тура келді.
.... 8) Депутаттарға сұрақтарын орысша	H ерте еңбекке араласуға тура келді.

Жаттығу 5.2

Заполните пробелы и выучите диалог наизусть

Мұхит: Тая, сен аз шаршаған көрінесің ғой. Неге?

Тая: Өйткені бүгін маған көп жұмыс..... тура келді.

Мұхит: Қандай жұмыс? Тоқсандық есептемені бітуге..... келді ме?

Тая: Жоқ. Ертең үйімізге енемнің келгісі келеді. Маған бүкіл үй..... тура келді. Мен еденді жуып,..... сүрттім; шкафтарды жинадым; гүлдерге..... құйдым; кір жуып, үтіктедім; кілемдерді..... шығарып қақтым...

Мұхит: Тоқта! Жарайды! Енеңнен сонша қорқасың ба?

Тая: Мүлдем.....! Тек қана енемнің сынға алғанын тіпті..... келмейді.

Мұхит: Жаман келін қайдан шығады?... Әзіл ғой!